

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «философия докторы» PhD дәрежесін алу үшін жазылған Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты диссертациясының қолжазбасына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысы

Уақыт пен кеңістікке қарай қазіргі тіл білімінің түрлі бағыттағы даму күйін көрсететін сан салалы ғылыми-теориялық ұстанымдар бүгінгі күні тілдік зерттеулердің бағдарын айқындауға, өзіндік ғылыми тұжырымдар жасауға, олардың жалпы және жеке лингвистикаға қатысты өзіндік белгілерін айқындауға жағдай туындатады. Зерттелу бағытына қарай, тілді жұмсалым аясында қарастыру, оның қоршаған ғаламның тілдік бейнесімен, адамдық факторлармен сабақтастығын қарастыру қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың ұлттық сипатымен қатар, әлемдік ғылым деңгейіне көтерілер биігін де айқындайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы елімізде білім беру мазмұнын жаңартудағы, оқытудың әдістемелік негізін қайта қараудағы маңызды құралы болып табылады. Нәтижесінде болашақ мамандарды даярлауға талап күннен-күнге артауда. Сонымен қатар аталған бағдарламада «Тілді қолданудың мәртебесін арттыру, қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру, үздіксіз тілдік өзгерістер процесін тіркеп отыратын жүйе құру және мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру қажет» деп көрсетілгендігі де мәдени-тілдік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ мамандарды даярлауда диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындайды.

2. Диссертацияға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағына және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Ізденуші диссертациялық жұмысында филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыратын дағдыларын анықтап, ғылыми-теориялық жағынан жан-жақты зерттеуге тырысқан. Ғылыми жұмыстың бірінші тарауында мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесен тіл мен мәдениет бірлігін, лингвистикалық негізін жаңа парадигмалық тоғысында өзінше жаңа қырынан тұжырым жасаған. Мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесі тілдік тұлғамен сабақтастырыла зерделеп, лингвомәдениеттанудың термині ретінде жеке дара мағынасын аша түскен.

Диссертацияның екінші тарауы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамасына арналып, тілдік тұлғаның дүниетанымдық, психологиялық және дидактикалық негіздерін тұжырымдап,

ой қорытындылайды. Екінші тараудың үшінші тараушасында диссертант филолог-маманның мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық жағына кеңінен тоқталып, білім берудің мазмұнын жасап, оқытудың ұстанымдарын мысалдармен нақтылайды.

Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы барысында А.П.Мынбаева мындай жаңа әрі дәйекті ғылыми тұжырымдар жасайды:

Бірінші нәтиже. Мәдени-тілдік құзыреттіліктің пайда болу тарихын ғылыми түрде жүйелеп, негізгі компоненттерін айқындаған.

Екінші нәтиже. Алғашқылардың бірі болып жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі ұсынылып, дүниетанымдық, психологиялық, дидактикалық алғышарттарын жасаған.

Үшінші нәтиже. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін оқытудың әдістемесі құрылған.

Төртінші нәтиже. Магистранттың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері анықталып, мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттерін айқындаған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші А.П.Мынбаеваның диссертациялық жұмысында алынған әрбір тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу мен шынайылық дәрежесі зерттеу мәселесінің шешу жолдарының теориялық негізділігімен, аппараттың логикалық бірізділігімен, эксперимент нәтижесінің сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетелдік рейтингті журналдарда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитеті ұсынған журналдарда, отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда жариялануы зерттеу нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесін көрсетеді.

Қазіргі білім беру парадигмасында тіл мен мәдениет байланысын мәдени-тілдік құзыреттілікті тіл – тілдік тұлға – тарих – мәдениет айналасында қарастырып, өзіндік талдау жасауы ізденушінің ғылыми шынайылық дәрежесін айқындайды.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесімен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші алынған нәтиженің ғылыми жаңалығы диссертант алыс, жақын, шетелдік және республика ғалымдарының құзыреттілік түрлеріне, мәдени-тілдік құзыреттілік теориясына және мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесіне арналған еңбектерге зерттеу жасаған. Сонымен бірге олардың өзара байланысын анықтаған (1 тарау, 1.1 тарауша).

Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың тіл мен мәдениет бірлігінде мәдени-тілдік құзыреттіліктің пайда болуының және қалыптасуының *элементтік-тарихи алғышарттарын*

анықтауы және құзыреттілікті «*тұлғаның қабілеті*» деп анықтап, **болашақ филолог-мамандарды дайындауға сәйкес келетін үдерістерді жобалауға** басымдық беруі, «мәдени-тілдік құзыреттілік» ұғымының бірнеше ғылыми бағыт түрінде түсіндіруі *екінші алынған нәтиженің ғылыми жаңалығын көрсетеді* (1.2 тарауша). Сонымен қатар мәдени-тілдік құзыреттілік ұғымына берілген анықтамаларды бірізді жүйелеп, өзіндік түйінін жасай білуі диссертанттың тақырыпты жете түсінгендігін дәлелдейді.

Үшінші алынған нәтиженің ғылыми жаңалығы тіл мен мәдениет бірлігіндегі дағдылар жүйесі ретінде мәдени-тілдік құзыреттіліктің компоненттерін бөліп қарастыруы, оның лингвистикалық негіздерін мәтін арқылы ашуы болып табылады. Сондай-ақ, әрбір компонентін «ғаламның тілдік бейнесімен» байланыстырып, тілдік тұлғаның когнитивті моделін қарастырады. Диссертант мәдени код пен тілдік кодтың аражігін анықтап береді.

Төртінші алынған нәтиженің ғылыми жаңалығы диссертанттың қазіргі жаңа парадигмада «үздіксіз білімін жетілдіру», «өмір бойы білім алу» мәселесін ұлттық құндылықтарға негіздеп, «мәдени кодты игеру», «тұлғаға аксиология арқылы білім беруді бағыттау» тірек сөздерді камтитындығын көрсетуін филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың философиялық негіздерімен сабақтастыруымен айкындалады (2 тарау, 2.1 тарауша).

Бесінші алынған нәтиженің ғылыми жаңалығы –*филолог-мамандардың* мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық алғышарттарын негіздеуде әлемдік тенденциялармен байланыстырылып, білім беру мазмұнының құрылымдық моделі алғаш рет жасалды. Автор модельдің әрбір компонентін жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұрғыдан саралайды. Мысалы, мақсатқа танымдық, тілдік, дидактикалық деп алып, мазмұнында білім беру ұстанымдары мен оқыту үдерісінің ұстанымдары деп оған өзіндік ұстанымдарын қоса беріп, түпкі нәтижеге жету жолдарын көрсетеді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеушінің диссертациялық жұмысында берілген тараулар өзара байланысып, ондағы түйіндер мен тұжырымдар бір-бірімен сабақтасып жатыр. Әр тараудың қорытынды тұжырымдары жұмысты толықтырып, нәтижесінде магистратурада филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық жағынан тиянақталған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге міндетті бағытталғандығы.

Диссертацияны қазіргі педагогикалық білім беру үдерісінде маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда «Мәңгілік ел идеясын» жүзеге асырушы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі алғаш рет теориялық-әдіснамалық тұрғысынан жасалып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оқыту үдерісінде тандау компоненті ретінде, «Тіл мен мәдениет», «Лингвомәдениеттану», «Тілдік тұлға» пәндерін оқытуда қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша 17 ғылыми мақаласы жарияланған. Диссертацияның негізгі қағидалары мен әдіснамалық тұжырымдары алыс, жақын шетелдік конференцияларда, нөлдік емес импакт-факторлы басылымдарда жарық көрген.

8. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертацияда жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар кейбір кемшіліктер кездеседі:

- Изденушінің филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда мәтінге концептуалды талдау жасауы орынды берілген, бірақ осы лингвомәдени және концептуалды талдау көркем шығармаға толықтай жасалса, жұмыстың маңыздылығы кемімес еді;

- диссертациялық жұмыста білім беру мазмұнында берілген дәріс тақырыптары бойынша сабақ үлгілері тұтастай берілсе, жұмыстың құндылығы бұрынғысынан да арта түсер еді;

Алайда, аталған сын-ескертпелер диссертациялық зерттеудің мазмұнына, теориялық және әдістемелік құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Диссертациялық жұмыс педагогикалық білім беру саласындағы зерттеулерге қойылған талаптарды қанағаттандырады деп ойлаймын. Себебі жұмыста ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзектілігін құрайды. Ғылыми жұмысқа қойылатын стандартты талаптар толық сақталған. Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес жазылған. Мынбаева Акбилек Пазылхановна 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

Рецензент:

**Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**

Молдабек Қ.

